

# Leksikografiyanın Özekti Mâseleleri

## Editör

Nurgül Moldalieva

## Yazar

Janar Bayniyazova

ISBN: 978-625-7305-27-3

## 1. Baskı

Haziran, 2021 / Ankara



**Grafiker®**

Yayınları

Yayın No: 393

Web: [grafikeryayin.com](http://grafikeryayin.com)

**Kapak, Sayfa Tasarımı,**

**Baskı ve Cilt**



**Grafiker®**

Grafik-Ofset Matbaacılık Reklamcılık

Sanayi ve Ticaret Ltd. Şti.

Oğuzlar Mahallesi

1396. Cadde No: 6/A

06520 Balgat-ANKARA

Tel : 0 312. 284 16 39 Pbx

Faks : 0 312. 284 37 27

E-mail : [grafiker@grafiker.com.tr](mailto:grafiker@grafiker.com.tr)

Web : [grafiker.com.tr](http://grafiker.com.tr)

Kitabın hukuksal ve bilimsel sorumluluğu yazarına aittir.

## МАЗМҰНЫ

<b>АЛҒЫ СӨЗ</b> .....	5
Қазақ лексикографиясының тарихына қатысты .....	9
Оқу сөздігінің дидактикалық құндылығы мен антропоөзекті бағдары туралы.....	17
Теоретикалық лексикография мәселелері туралы.....	27
Лексикалық минимумның жаңа типі жайында.....	39
Түркі лексикографиясының терминдері хақында.....	51
Ортақ лексикалық минимум сөздігінің құрылымдық ерекшеліктері.....	61
Сөздікте кіріс тілдегі мағынаның шығыс тілде берілу мәселесі туралы.....	73
Тілүйренім сөздіктерін түзу ісінде адресаттың жас ерекшелігін ескеру мәселесі.....	85



## АЛҒЫ СӨЗ

Сөздік – кез-келген халықтың сөз байлығын ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін құнды еңбек. Сөздікті тіл үйренуші де, әр саланың маманы да пайдаланады. Атқаратын қызметіне қарай сөздіктердің түрлері де көп. Сөздік өркениеттің де, тілді мемлекет деңгейінде дамытудың да бір өлшемі. Сөздіктердің практикалық тұрғыдан халыққа түсінікті, әрі қолайлы жасалуы үшін сөздікші-ғалымдар адресатқа қарай сөздік жасау мен сөздерді іріктеу т.б. мәселелерін теориялық жақтан үнемі жетілдіріп отырады. Сонымен лексикография – тіл білімі ғылымындағы жеке сөздің, сөздік бірліктің барлық қасиеттерін жинақты түрде қарастыратын бірден-бір сала болып табылады.

Құрметті оқырман, *«Лексикографияның өзекті мәселелері»* атты жеке жинаққа филология ғылымдарының кандидаты Жанар Төлеубайқызы Байниязованың сөздік жасау тәжірибелеріне, лексикография теориясына байланысты республикалық және Халықаралық конференцияларда жасаған баяндамалары мен ғылыми басылымдарда жарияланған мақалалары еніп отыр. Жанар Төлеубайқызы, көп жылдардан бері түркі жұртының рухани астанасы, киелі Түркістан қаласындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «түрік

тілі мен әдебиеті» кафедрасында жемісті еңбек етіп келеді. Оның ғылыми-зерттеу жұмыстарының басым бөлігін сөздік жасау мәселелері құрайды. Байниязова Жанар Төлеубайқызы 2008 жылы 10.02.02 – қазақ тілі мамандығы бойынша *«Қазақ лексикографиясы: біртiлді оқу сөздігін түзудің ғылыми негіздері»* атты кандидаттық диссертациясын Ахмет Байтұрсынұлы Тіл білім институтында филология ғылымдарының докторы, профессор Мырзаберген Малбақов жетекшілігінде қорғады.

Енді кітапқа енген мақалаларға жеке-жеке тоқталатын болсақ, автор *«Қазақ лексикографиясының тарихына қатысты»* мақаласында қазақ лексикографиясының тарихына тоқтала келіп, түркі лексикографиясының жетістігі ретінде М.Қашғаридің сөздігінің құрылымдық-әліпбилік ұстанымы жайлы деректерге тоқталады. Мақалада ортағасырлық араб жазулы түркі лексикографиясы мен қазақ лексикографиясы арасында белгілі бір дәрежеде бұрыннан келе жатқан дәстүр сабақтастығы бар екендігі де баяндалады.

*«Оқу сөздігінің дидактикалық құндылығы мен антропoeзекті бағдары туралы»* мақалада оқу лексикографиялық сөздіктерде дидактикалық интенцияның басым болатындығы, жалпы сөздік атаулы дидактикалық жанрдағы туындыларға жататындығы және сөздіктің үйренім нысаны ретінде антропoeзекті көзқарас тұрғысынан сипатталатыны туралы баяндалады.

Автордың *«Теоретикалық лексикография мәселелері туралы»* атты мақаласында оқу лексикографиясы саласында лексикографияның теориялық мәселелерін зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектеріне жан-жақты талдау жасалып, зерттеу нәтижесінде жасалған тұжырымдар сарапталады.

*«Лексикалық минимумның жаңа типі жайында»* атты мақалада В. В. Морковкиннің еңбектеріндегі лексикалық минимум терминіне берілген анықтамаға сүйене отырып, қазақ тіл білімінде екітілді шағын сөздіктердің құрылымын зерттеген Р.Түсіпқалиеваның лексикалық минимум туралы ғылыми еңбегіндегі оқу лексикографиясында оқу сөздігінің алатын орны, оқу сөздігінің сөздіктің басқа типтерінен басты айырмасы мен сөздіктің антропоцентристік бағыты туралы баяндалады.

*«Түркі лексикографиясының терминдері хақында»* атты мақалада жалпы сөздіктің метатілі ұғымы жайлы түсінік беріледі. Сонымен қатар түркі лексикографиясының метатіліне кіретін басты терминдердегі ішкі құрылымдық атауларының өзбек, татар және түрік тілдерінен мысалдар келтіру арқылы баяндалады.

*«Ортақ лексикалық минимум сөздігінің құрылымдық ерекшеліктері»* атты мақалада З. Күзекованың еңбегіндегі тілдік бірліктерді минимум сөздікке сұрыптаудың өлшемдері мен ұстанымдары талданады. Тілдегі лексикалық бірліктерді сұрыптаудың

қолданым жиілігін анықтайтын ғылыми тәсілдер жайында да мәлімет беріледі.

*«Сөздікте кіріс тілдегі мағынаның шығыс тілде берілу мәселесі туралы»* мақалада екі тілді сөздіктерде, кіріс тілдегі сөз бен сөз тіркесіндегі ақпардың шығыс тілде берілу жолдары, кіріс тілде мағынаның ашылуы және кіріс тілдегі сөздің мағыналық құрылымын шығыс тілде берілуі кезінде ескерілуі керек шарттар қазақ тілінің сөздіктерінен алынған мысалдар арқылы түсіндіріледі.

*«Тілүйренім сөздіктерін түзу ісінде адресаттың жас ерекшелігін ескеру мәселесі»* атты мақалада ғылыми негізде жасалатын түсіндірмелі тілүйретім сөздігінің ұдайы адресатқа бағдарлануының маңызы және үйренім сөздіктерін түзуде лексикографиялық материалдарды оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты бірте-бірте күрделендіретін негізгі ұстаным – градуалдылық туралы баяндалады. Сонымен бірге градуалдылық ұстанымның негізгі белгілері сөз болады.

Қорытындылай келе, аталмыш еңбекте Жанар Байниязованың сөздік теориясына байланысты тақырыптарда жариялаған алты мақаласын назарларыңызға ұсынып отырмыз. Еңбек сөздік түзу және сөздік теориясымен айналысатын ізденушілерге, студенттерге және көпшілік оқырман қауымға пайдалы болады деген үміттеміз.

*Нургул МОЛДАЛИЕВА*